



## 2 – Тарау

### АРҚА

#### Сізге қойылатын ұқсас сұрақтар:

- Науқастың арқа омыртқасын тексеру
- Шробер (Schrober) сынағын орындау
- Омыртқа аралық дискісінің (шеңберінің) қысылып қалу белгілерін тексеру

1. Өз-өзіңізді таныстырып, науқастан тексеруге рұқсат сұраңыз.

2. Науқасты тұрғанкүйіндетексеріңіз

#### Артқы жағынан қарағанда

- Бұлшық еттің семуі.
- Асимметрия
- Сколиоз
- Ісіктер
- Тыртықтар
- Қалыптан тыс тері қыртыстары, шаштың таралуы мен пигменттену (мұны омыртқа бағанасының жарылуы деп есептейді).

#### Қырынан қарағанда

- Бел омыртқа немесе мойын лордозының (бел/мойыномыртқасының майысуы) жойылуы.
- Кеуде бүкірі (кифоз) немесе мойын лордозының ұлғаюы.

#### Алдыңғы жағынан қарағанда

- Жамбастың дұрыс орналасуы
- Кеуде қабырғасының шығуы.

Егер де сколиоз табылса, науқастан келесі қимылдарды жасауын сұраңыз:

- Компенсаторлы сколиозды болдырмау үшін, отыруы тиіс (аяқ ұзындығының айырмашылығына).
- Постуральдысколиозды болдырмау үшін, алдыға еңкеюі тиіс (көбінесе жасөспірім қыздарда кездеседі, әдетте өздігінен кетеді).


Содан кейін ғана құрылымдық сколиоз диагнозы қойылады.

### 3. Сезіну

Науқастан қандайда бір жерінің ауырып тұрғанын сұраңыз.

- Шықпалы сүйек пен сегізкөз мықындық буындарын төмен қарай басып, жұмсақтығын тексеріңіз.
- Омыртқа маңы бұлшық етін жұмсақтыққа басып байқаңыз.

- Жұдырықтың шетімен мойыннан сегізкөз мықын буынына дейін сәлден соғып қозғаңыз (2.1 сурет).



2.1 Сурет: Жұдырықтың шетімен мойыннан сегізкөз мықын буынына дейін сәлден соғып қозғаңыз

#### 4. Қимыл-қозғалыс

Науқастың тұрған күйінде бел және кеуде омыртқасын тексеріңіз.

- Кеуде кеңеюін өлшеңіз (2.2 сурет), ол 5 сантиметрден (см) артық болмауы тиіс.



2.2 Сурет: Кеуденің кеңеюін өлшеу (5 см артық болмауы тиіс)

- Иілу/бүгу және Шробер сынағы.
- Түзелу/созылу.
- Бүйір жақ иілу.
- Айналу/бұрылу (науқастың қолдарын қиыстыра кеуде тұсына қоюын сұраңыз, я науқастың жамбас маңын қолдарыңызбен белгілеңіз немесе науқасты отыруын сұраңыз).

Шробер сынағы: Венера шұңқыры мен одан жоғары жерден арасы 10 см болатындай нүкте белгілеп алыңыз (2.3 сурет).



2.3 Сурет: Шробер сынағы: белгі аралығы 10 см

Осы екі аралықтың шамасы, омыртқа иілгенде 8-10 см аспауы тиіс (алға иілу) (2.4 және 2.5 суреттер). Жалпы шектелуді (<3 см) шорбуынды спондилиттен (омыртқаның қабынуы) көруге болады.



2.4 Сурет: Шробер сынағы: Науқастың омыртқасы иіледі (алға иілу)



2.5 Сурет: Шробер сынағы: белгілер аралығы 12.5 см

Науқасты отырған күйінде мойын омыртқаны тексеріңіз.

- Иілу/бүгу
- Түзелу
  - Бүгіп созу арқылы, науқастың бас изеуіне қарап, сүйектің сыртылын байқаңыз (әдетте мойын остеоартриті).
- Бүйір жақ иілу
- Айналу
- 

## 5. Арнайы сынақтар

Науқасты шалқасынан жатқызып,

- Аяқ тікке көтеріледі, жіліншік артқа бүгіледі (2.6 сурет).
  - Жамбастың, бөксе мен арқаның ауыруы, бел-сегіз көз радикулитін білдіреді (L4 немесе төмен).



2.6 Сурет: Аяқты тікке көтеріледі, жіліншік артқа бүгіледі


- Ласега (Lasegue) сынағы: аяқтар бос, тізе бүгулі (2.7 сурет).
  - Жамбас иілу кезінде ауырмауы мүмкін, бірақ ауырсынуы тізе созылғанда қайтадан шығады.



2.7 Сурет: Ласега сынағының көрсетілуі: аяқтар бос, тізе бүгулі

Науқас ішпен жатады.

- Жамбас нерв жүйесін созылуын тестілеу: жамбасты (сан) созыңыз (сурет 2.8).



2.8 Сурет: Жамбас нерв жүйесін созылуын тестілеу: жамбасты (сан) созылуы

- Жамбастың, бөксе мен арқаның ауыруы, L2-4 жүйке жүйесінің тітіркенуін көрсетеді.

## 6.Тексеруді аяқтау

*Келесі қимылдарды жасайтыныңызды айтыңыз:*

- Аяқ-қолдарға неврологиялық тексеру жүргізу
- Ішті тексеру (бел омыртқаның ауруынан болатын қатерлі ісік немесе қолқаның аневризмасын болдыртпау үшін)

## 7.Науқасқа рахмет айту.



# DOCTORS ACADEMY

BETTER EDUCATION. BETTER HEALTH.

Doctors Academy is an UK-based International Non-Profit Organisation comprising of doctors, dentists and scientists that undertakes a diverse range of educational activities globally. The aim of the Academy is to disseminate information and exchange medical knowledge between professionals from diverse backgrounds working in a variety of healthcare settings. This is achieved by the provision of a number of attendance courses, publishing house, online resources and international events/ competitions.

## Courses (a selection):

### Undergraduate:

- Final Year Medicine and Surgical Revision Courses
- Training the Clinical Anatomy Trainer
- Clinical Anatomy as Applied to Trauma and Emergency Medicine
- Surgical Anatomy of Important Operative Procedures
- Future Surgeons: Key Skills (RCSEd delivered)
- Structured Introduction to Surgical Skills


### Postgraduate:

- MRCS Part A
- MRCEM Part A
- MRCS Part B OSCE
- DOHNS: Intensive Revision & OSCE
- Intercollegiate Basic Surgical Skills (RCSEd delivered)
- MRCP PACES Part 2
- FRCS (General Surgery) Exit Exam
- Cadaveric Ultrasound-Guided Musculoskeletal Intervention Course
- Ultrasound-Assisted Botulinum Toxin Injection for Neuromuscular Disorders
- Live Advanced Laparoscopic Colorectal Course

### Forthcoming key events:

- **International Medical Summer School**  
*Manchester, 1<sup>st</sup> - 5<sup>th</sup> August 2016*
- **International Academic Research Conference**  
*Manchester, 6<sup>th</sup> August 2016*
- **World University Anatomy Challenge**  
*Manchester, 5<sup>th</sup> August 2016*

## Publications



[publications.doctorsacademy.org](http://publications.doctorsacademy.org)

## World Journal of Medical Education & Research

Peer-reviewed academic journal  
with ISSN.

- No fee to view, read and download articles
- No subscription charges
- No submission fees
- No manuscript processing fee
- No publishing fee
- No cost to read, write or publish!

[wjmer.co.uk](http://wjmer.co.uk)

## Online Revision Resources

DoctorExams consists of 1000s of questions with detailed explanations in MCQ, EMQ, SBA and SAQ formats. Questions are written by the Doctors Academy group of experienced clinicians and clinical academics, with mock exams and feedback on performance included to aid a candidate's focused revision of topics. Based on past exams, these questions are carefully crafted to suit the requirements of undergraduate students & postgraduate trainees undertaking relevant speciality exams.

### Resources for:

- Medical Students
- Dental Students
- International Entrance Exams
- MRCS Exams
- General Surgery Exams
- Plastic Surgery Exams
- DOHNS Exams

[www.doctorexams.co.uk](http://www.doctorexams.co.uk)

[www.doctorsacademy.org](http://www.doctorsacademy.org)